



Аккредиттеу және рейтингтің
тәуелсіз агенттігі

«БЕКІТЕМІН»

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз
агенттігі» коммерциялық емес
мекемесінің директоры

А. Жұмағұлова

20 ___ ЖЫЛҒЫ « ___ » _____

Заң мәселелері жөніндегі кеңесшінің лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1. «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес ұйымының (бұдан әрі - Агенттік) заң мәселелері жөніндегі кеңесшісі (бұдан әрі - кеңесші) Агенттік директорының бұйрығымен жұмысқа қабылданады және босатылады.

2. Заң мәселелері жөніндегі кеңесші лауазымына жоғары білімі бар және кемінде 3 жыл басшылық лауазымдағы өтіл бар адам тағайындалады.

3. Заң мәселелері жөніндегі кеңесші тікелей директорға бағынады.

Заң мәселелері жөніндегі кеңесші өз қызметінде мыналарды басшылыққа алады:

- атқаратын жұмыстары бойынша нормативтік құжаттар;

- Агенттіктің жарғысы;

- директордың бұйрықтары мен өкімдері;

- осы лауазымдық нұсқаулық.

4. Заң мәселелері жөніндегі кеңесші Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін білуі тиіс.

2. Лауазымдық міндеттері

5. Заң мәселелері жөніндегі кеңесші:

1) құрылтайшылық құжаттарды әзірлеуді жүзеге асыруға;

2) Агенттіктің мемлекеттік сатып алуға қатысуға арналған құжаттарын дайындауға;

3) Агенттіктің қызметіне қатысты заңгерлік кеңес беруге;

4) коммерциялық ұсыныстар дайындауға;

5) шарттардың жобаларын дайындауға;

6) калькуляция дайындауға;

7) шарттарды дайындау бойынша жұмысты үйлестіруге;

8) заңгерлік мәселелері бойынша ішкі тексерулер жүргізуге;

9) заңгерлік мәселелері бойынша ішкі тексерулер жүргізуге;

10) заңгерлік мәселелері бойынша сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі басшылығының түзету және ескерту әрекеттерін бойынша жұмысты үйлестіруге;

11) әртүрлі құқықтық мәселелер бойынша Агенттіктің жұмыскерлеріне жазбаша және ауызша кеңес беруді, заң құжаттарын жасауда құқықтық көмек көрсетуді жүзеге асыруға;

12) құзыретті персоналмен қамтамасыз етудің заңгерлік мәселелері бойынша жұмысты үйлестіруге;

13) Агенттіктің қызметін жақсартуды жоспарлаудың заңгерлік мәселелері бойынша жұмысты үйлестіруге;

14) Заңгерлік мәселелер бойынша сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесіне талдау жүргізуге міндетті.

3. Құқығы

6. Кеңесші:

1) сенімхат бойынша Агенттік атынан әрекет етуге;

2) директордың сенімхаты және өкімі бойынша азаматтармен, заңды тұлғалармен, мемлекеттік билік және басқару органдарымен өзара қарым-қатынас кезінде Агенттіктің мүддесінде өкілеттілік етуге құқылы.

4. Жауапкершілігі

7. Кеңесші:

1) осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өз лауазымдық міндеттерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін – қолданыстағы еңбек заңнамасы шегінде;

2) өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасаған құқық бұзушылық үшін – қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасы;

3) келтірілген материалдық шығындар үшін – қолданыстағы еңбек, қылмыстық және азаматтық заңнамасы шегінде;

4) құпия қызметтік ақпаратты таратқаны үшін жауап береді.

Нұсқаулықпен таныстым: _____